

**«Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ
мемлекеттік тілде оқытатын математика мұғалімі лауазымына
(1 мөлшерлеме)
конкурс жариялайды**

1	Орналасқан жері Пошталық мекенжайы	140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 25
2	Телефон нөмірлері	8 (7182) 61-81-33, 8 (7182) 61-81-32
3	Электрондық пошта	qasdaryn@edu.mail.kz
4	Білім беру ұйымының атауы	«Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
5	Негізгі функционалдық міндеттері	Оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді. Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды жасайды. Электронды журналдарды толтырады. Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқушылар мен деңгейден төмен емес тәрбиеленушілердің пәндік нәтижелерін, отбасылық-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді. Әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді. Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын орындайды. Білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады

6	Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы, жүктемесі	мемлекеттік тілде оқытатын математика мұғалімі, 16 сағат
7	еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары	- еңбек өтілі мен біліктілік санатына сәйкес төленеді; - жоғары білім (min): 203162 теңге - жоғары білім (max): 268074 теңге
8	Бос лауазымның атауы	мемлекеттік тілде оқытатын математика мұғалімі
9	Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары	- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтілі 10 жылдан кем емес немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс. - және (немесе) бар болған жағдайда біліктілігі жоғары деңгейдегі педагогикалық жұмыс өтілі үшін педагог-шебер 5 жыл. - педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл.
10	Құжаттарды қабылдау мерзімі	19.02-27.02.24ж.
11	Қажетті құжаттар тізбесі	1) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін); 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса); 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама; 8) наркологиялық ұйымнан анықтама; 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда); 10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы;

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының
бірінші басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау, лауазымнан босату
қағидаларына 10-қосымша
Нысан

(конкурс жариялаған мемлекеттік орган)

(кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

(нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны)

Өтініш

Мені _____ бос/уақытша
бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызу керек)

(білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала/ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін:

(лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі (жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі)	Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Сондай-ақ қосымша мәліметтері (болған жағдайда)

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының
бірінші басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау, лауазымнан босату
қағидаларына 11-қосымша
Нысан

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы

(Т.Ә.А. (болған жағдайда))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)	Баға
1	Білім деңгейі	Білімі туралы диплом	Техникалық және кәсіптік = 1 балл Жоғары күндізгі = 5 балл жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = 2 балл жоғары білім туралы үздік диплом = 7 балл	
2	Ғылыми/ академиялық дәрежесі	Білімі туралы диплом	Магистр немесе жоғары білімі бар маман = 5 балл PHD-докторы = 10 балл Ғылым докторы = 10 балл Ғылым кандидаты = 10 балл	
	Ұлттық біліктілік тестілеуі	Сертификат	«Педагог» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60-қа дейін = 0 балл 60-тан 70-ке дейін = 2 балл 70-тен 80-ге дейін = 5 балл 80-нен 90-ға дейін = 6 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40-қа дейін = 0 балл 40-тан 50-ге дейін = 1 балл 50-ден 60-қа дейін = 2 балл 60-тан 70-ке дейін = 3 балл «Педагог-модератор» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 3 балл 70-тен 80 балға дейін=6 балл 80-ден 90 балға дейін=7 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40-тан 50 балға дейін=2 балл 50-ден 60 балға дейін=3 балл 60-тан 70 балға дейін=4 балл «Педагог-сарапшы» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін=0 балл 60-тан 70 балға дейін=4 балл 70-тен 80 балға дейін=7 балл 80-нен 90 балға дейін=8 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40-тан 50 балға дейін=3 балл 50-ден 60 балға дейін=4 балл 60-тан 70 балға дейін=5 балл	

			«Педагог-зерттеуші» біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін=0 балл 60-тан 70 балға дейін- 5 балл 70-тен 80 балға дейін=8 балл 80-нен 90 балға дейін=9 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40 - тан 50 балға дейін=4 балл 50-ден 60 балға дейін=5 балл 60-тан 70 балға дейін=6 балл «Педагог-шебер» біліктілік санатымен - 10 балл	
3	Біліктілігі/ Санаты.	Қуәлік, өзге де құжат	2 санат-1 балл 1 санат - 2 балл Жоғары санатты - 3 балл Педагог-модератор - 3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог- зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл	
4	Педагогикалық қызмет өтілі	Еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	1 жылдан 3 жылға дейін = 1 3 жылдан 5 жылға дейін = 1,5 5 жылдан 10 жылға дейін = 2 10 жылдан және одан артық = 3	
5	Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі	Еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	әдіскер= 1 балл директор орынбасары= 3 балл директор = 5 балл	
6	Жұмысқа алғаш кіріскен педагогтар үшін	Білім туралы дипломға қосымша	Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері «өте жақсы» = 1 балл «жақсы» = 0,5 балл	
7	Алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныс хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде)	Хат	Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл Теріс ұсыныс хаттың болуы = минус 5 балл	
8	Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері	- білім алушылардың дипломдары, олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары; - мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары; - мемлекеттік награда	олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-0,5 балл ғылыми жобалар-1 балл олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-3 балл «Үздік педагог» конкурсының қатысушысы-1 балл «Үздік педагог» конкурсының жүлдегері – 5 балл медаль «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» – 10 балл	
9	Әдістемелік қызмет	- авторлық жұмыстар және жарияланымдар	ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл РОӘК тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 2 балл БҒССКЕК, Scopus тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы – 3 балл	

10	Қоғамдық-педагогикалық қызмет	- көшбасшылық - көптілділікті жүзеге асыру	тәлімгер-0,5 балл ӘБ жетекшілігі -1 балл кәсіби-педагогикалық қауымдастық көшбасшысы – 1 балл 2 тілде оқыту, орыс/қазақ – 2 балл Шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл 3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл	
11	Курстық дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat, «Python-да бағдарламалау негіздері», «Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту» бағдарламалары бойынша оқыту	НЗМ ПШО, «Өрлеу» курстары – 0,5 балл курстар - 0,5 балл (әрқайсысы жеке)	
Барлығы:			Максималды балл – 83	